

Қамысты ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 102 "Қамысты ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 188 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 қаңтарда № 26371 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қамысты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қамысты ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 102 "Қамысты ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23794 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын

2. "Қамысты ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қамысты ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қамысты ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қамысты ауданының әкімі

Г. Бекмухамедов